**Бурыл ауылдық округінің Құмжота ауылы аумағына шектеу іс - шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгілеу туралы**

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Бурыл ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 17 шілдедегі № 52 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 2 тамызда № 1985 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.
Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1, 27 баптарына сәйкес және Байзақ ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 29 мамырдағы № 205 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Уақ малдардан бруцеллездің эпизоотиялық ошағының анықталуына байланысты Бурыл ауылдық округінің Құмжота ауылы аумағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бурыл ауылдық округі әкімі аппаратының ветеринар бас маманының міндетін уақытша атқарушы Қуанышбеков Шоқан Артелбекұлына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі* *Е. Әліқұлов*

«КЕЛІСІЛДІ»:
Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы басшысы
А. Төлепбергенов
17 шілде 2013 жыл

"Жамбыл облыстық Ішкі істер департаментінің Байзақ Аудандық Ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы
А. Абдезов
17 шілде 2013 жыл

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Байзақ аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы М. Төлтаев
17 шілде 2013 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК